

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Лесной ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 17 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Занының 35 – бабына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Занының 10-1 бабы 8) тармақшасына сәйкес, Аққайың ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2024 жылғы 23 шілдесі №08-12/513 ұсынысы негізінде, Лесной ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Лесной ауылдық округінің Ленинское ауылының аумағында белгіленген ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шараларының жүргізілуіне байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Лесной ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2023 жылғы 04 шілдесі № 14 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

Н. Мұхаметжанов